

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ
МИНИСТРЛІГІ



МИНИСТЕРСТВО
ЗДРАВООХРАНЕНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ТАУАРЛАР МЕН КӨРСЕТІЛЕТІН
ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ САПАСЫ МЕН
ҚАУІПСІЗДІГІН БАҚЫЛАУ
КОМИТЕТІ

КОМИТЕТ КОНТРОЛЯ
КАЧЕСТВА И БЕЗОПАСНОСТИ
ТОВАРОВ И УСЛУГ

ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ
ТАУАРЛАР МЕН КӨРСЕТІЛЕТІН
ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ САПАСЫ МЕН
ҚАУІПСІЗДІГІН БАҚЫЛАУ
ДЕПАРТАМЕНТІ

ДЕПАРТАМЕНТ КОНТРОЛЯ
КАЧЕСТВА И БЕЗОПАСНОСТИ
ТОВАРОВ И УСЛУГ
КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

БАС МЕМЛЕКЕТТІК
САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРІ

ГЛАВНЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ
САНИТАРНЫЙ ВРАЧ

ҚАУЛЫСЫ

15.05.2020 г. № 18

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

Қостанай қаласы

город Костанай

**Қостанай облысының тұрғындары
арасында коронавирустық инфекцияның
таралуына жол бермеу шараларын
күшейту туралы**

Мен, Қостанай облысының бас мемлекеттік санитарлық дәрігері В.С. Нечитайло Қостанай облысының халқы арасында коронавирустық COVID-19 (бұдан әрі – COVID-19) инфекциясының таралуының одан әрі алдын алу мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қостанай облысы қала, аудан әкімдеріне қамтамасыз ету:

1) Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 01.05.2020 жылғы № 35 (бұдан әрі - № 35-БСДҚ) және 10 мамыр 2020 жылғы № 36 (бұдан әрі - № 36-БСДҚ) қаулыларының, сондай-ақ осы қаулының талаптарын орындау;

2) облыс тұрғындарына халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін автомашиналарды (азық-түлік өнімдерін тасымалдайтын жүк және жеңіл автомашиналар, дәрілік заттар, сондай-ақ шектеу іс-шараларын жүргізуге тартылған мамандандырылған және қызметтік машиналар) қоспағанда, облыстың елді мекендері арасында жүріп-тұруға тыйым салу;

3) Қостанай облысының аумағы бойынша елді мекендерден тыс тұрақты және тұрақты емес маршруттарда ресми және ресми емес (тіркелмеген) жеке тасымалдаушылардың (көлік құралдарының барлық санаттары) адамдарды тасымалдауға тыйым салу;

4) жұмыс поездарында жолаушылар тасымалына тыйым салу;

5) ойын-сауық, спорттық және басқа да бұқаралық іс-шараларды, сондай-ақ отбасылық, естелік іс-шараларды өткізуге тыйым салу;

6) діни нысандардың қызметіне тыйым салу;

7) тұрғындардың тұрғылықты жерінен 22:00-ден 06:00-ге дейін шығуына тыйым салу, қалған уақытта қажеттілігіне қарай 3 адамнан аспайтын топтармен немесе әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып, бір отбасы мүшелерінен шығуға рұқсат етіледі.;

8) саябақтарға, алаңдарға және скверлерге, жағалауларға (ойын-сауық объектілерінсіз) барған кезде топтармен 3 адамнан немесе бір отбасы мүшелерінен аспайтын әлеуметтік қашықтықты сақтау;

9) тұрғындарға тұратын жерінен тыс жерде маскалар кию ұсынылсын, бұл ретте міндетті түрде дүкендерде, дәріханаларда, денсаулық сақтау ұйымдарында, қоғамдық көлікте, кеңселерде, барлық меншік нысанындағы кәсіпорындарда және адамдар көп жиналатын басқа да объектілерде маскалар кию ұсынылсын;

10) вокзалдардың, автостанциялардың, сауда-ойын-сауық орталықтарының (оларда орналасқан, санитарлық-дезинфекциялық режимді күшейте отырып, азық-түлік өнімдерін, дәрілік заттарды сататын сауда объектілерін, оның ішінде қоғамдық тамақтану объектілерінде қоспағанда), алаңы 2000 шаршы метрден асатын азық-түлік емес дүкендердің қызметін тоқтата тұру ойын алаңдарын (аулаларды қоспағанда), түнгі клубтарды, фитнес, тренажер залдарын (орталықтарын), букмекер кеңселерін, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарын (даму, білім беру орталықтары, үйірмелер, факультативтер және т. б.), кітапханаларды, компьютерлік және ойын клубтарын, кальянды, бильярд, боулинг орталықтарын, санаторийлерді, профилакторийлер мен демалыс базаларын, қонақ үйлерді, мейманханаларды, аквапарктерді, бассейндерді және т. б. оның ішінде моншалар мен сауналарда, спорт кешендерінің (бұл ретте әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып, ашық ауада спорттық жаттығуларға рұқсат етіледі), келушілер саны 20-дан астам монша мен сауналардың жұмысын;

11) өнеркәсіп кәсіпорындарындағы жабық үлгідегі асханаларды қоспағанда, қоғамдық тамақтандыру объектілерінің жұмысын "клиенттерге дейін жеткізу және сыртқа шығару" қағидаты бойынша ғана сағат 07:00-ден 21:00-ге дейін (уақыт бойынша шектеу күшейтілген дезинфекциялық режимді сақтай отырып, жол бойындағы сервистің қоғамдық тамақтандыру объектілеріне қолданылмайды және терезе арқылы берілмейді) рұқсат етіледі. Барлық қоғамдық тамақтану объектілерінің жұмысы №35-БМСДҚ № 7-қосымшаға сәйкес уақытша ережелерге және ұйымдастырылған ұжымдарда, ас блоктарында және сауда объектілерінде санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтау алгоритміне сәйкес жүзеге асырылуы тиіс № 35 БМСДҚ 14 қосымшасына сай;

12) бөлшек сауда объектілерінің жұмыс режимін 08:00-ден 21:00-ге дейін, азық-түлік және азық-түлік емес базарлардың жұмыс тәртібін 10:00-ден 17:00-ге дейін белгілеу;

13) кезекші топтардың жұмысын қоспағанда, мектепке дейінгі балалар мекемелерінің қызметін тоқтата тұру;

14) барлық іске қосылған қызметтердің шектеу іс-шараларын жүргізу кезінде биологиялық қауіпсіздік режимін сақтау, оларды жеке қорғау

құралдарымен, қажетті жабдықтармен және жеке гигиена жағдайларымен жаратандыру;

15) карантиндік аймақтың периметрін белгілеу, оған кіру/шығу пункттерін анықтау және блокпостарды орнату;

16) карантиндік үй-жайлардан қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау үшін жекелеген контейнерлер орнату (тұрғын және қоғамдық ғимараттардың кіреберістері, провизорлық, инфекциялық, карантиндік бөлімшелер және т.б.). Қауіпті медициналық қалдықтарды кәдеге жаратуға қойылатын талаптарға сәйкес контейнерлерді кейіннен дезинфекциялай отырып, осы қалдықтарды арнайы көлікпен шығаруды жүзеге асыру;

17) қалалық қоғамдық көліктің жұмысын сағат 7:00-ден 20:00-ге дейін шектеу;

18) сағат 7:00 – ден 21:00-ге дейін уақыты шектелген және салонды жолаушылар саны бойынша толтырумен бау-бақша қоғамдарына дейінгі қоғамдық көліктің жұмысы;

19) кондоминиумды басқару органдарының кіреберістерде профилактикалық дезинфекция және ылғалды жинау жүргізуді ұйымдастыруы, екі тәулікте бір реттен кем емес;

20) жеке және заңды тұлғаларға арналған шектеулер туралы жадынамаларды тақталарға және көпшілік назарына қолжетімді басқа да жерлерге орналастыру;

21) техникалық мүмкіндігі жоқ мектептерді қоспағанда, Қостанай облысының барлық жоғары, орта-арнаулы, орта білім беру ұйымдарын қашықтықтан оқыту;

22) КВИ-дан қайтыс болған денелерді жерлеу бойынша салттық қызмет көрсететін кәсіпорындарды анықтау, осы кәсіпорынның қызметкерлерін оқытуды жүргізу, оларды жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз ету. Көмуді бекітілген алгоритмге қатаң сәйкестікте жүргізу;

23) әлеуметтік қашықтықты және күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып, мемлекеттік органдардың (ұйымдардың), кеңселердің қызметі. Бұл ретте қызметкерлердің 50% - ы үшін қашықтықтан жұмыс нысаны сақталады (штат кестесінде 30-дан астам қызметкер);

24) медициналық ұйымдарда, қарттар мен мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған медициналық-әлеуметтік объектілерде, балалар үйлерінде, әлеуметтік оңалту орталықтарында, мүгедек балаларға арналған оқу орындарында, интернат үлгісіндегі карантин режимін және күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтауды қамтамасыз етеді.

25) өз қызметін жүзеге асыратын барлық объектілерде және қоғамдық көлікте № 35-БМСДҚ және №36-БМСДҚ бекітілген алгоритмдеге сәйкес күшейтілген санитариялық-дезинфекциялау режимін сақтау (қолды өңдеуге арналған санитайзерлер орнату, бетін күніне кемінде екі рет өңдеу, дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып ылғалды жинау, желдету, маскалық режим).

2. Жергілікті атқару органдарына, Қостанай облысы полиция департаментіне қамтамасыз ету:

